

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРДАҚТЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АРДАҚТЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖАМАТТЫҚ ҚАНАТШЫЛЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

№ 114 - 2043 - 01/144 қуәлік берілді
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 02.08.2021



Маңғыстау облысы әкімдігінің
2021 жылғы «08» қаңтардағы
№ 6 қаулысына
3-қосымша

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Қаракия ауданы бойынша
білім бөлімінің «Ақсұдық негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдастыру-құқықтық нысаны:

-коммуналдық мемлекеттік мекеме

Меншіктің түрі:

- коммуналдық

Орналасқан жері:

- 130130, Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы,
Ақсұдық ауылы, құрылым 50

Қаракия ауданы
2021 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің «Аққұдық негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің түрі - коммуналдық.
3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме 1999 жылы құрылды.
4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.
5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасының «Қаракия ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің толық атауы: Маңғыстау облысының білім басқармасының Қаракия ауданы бойынша білім бөлімінің «Аққұдық негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің тұрған жері: 130130, Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы, Қаракия ауданы, Аққұдық ауылы, құрылым 50.

2-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.
10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Маңғыстау облысының әкімдігі тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.
11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді

3-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні адамның, отбасының, қоғамның және мемлекеттің мүддесі үшін жалпыға бірдей қолжетімді және тегін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, сондай-ақ қосымша білім алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқығын іске асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру, балаларды қарау және күту болып табылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп алды дайындық, бастауыш, негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушыларға қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындайды;

мектеп алды сыныптарда білім беру процесі мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше қызмет түрлерін: ойындар, құрастырулар, сурет салу, музыка, театрландыру және басқа да қызметтерді ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке тұрғыда қарауды, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып түрлі топтарда жұмыс жасауды іске асыруды қарастырады;

бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (1-денгей) баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын; негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған;

негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (2-денгей) білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады;

ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, сонымен қатар үйде оқитын балаларға қажеттіліктерге сәйкес «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде жеке оқу жоспарлары мен «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленеді.

2) білім алушыларды қабылдауды жүзеге асырады. Қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

білім алушылардың қатарына қабылдау коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі;

сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді;

коммуналдық мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау кезінде коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы № 93 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

дайындық деңгейіне қарамастан, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді;

құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) және коммуналдық мемлекеттік мекеме арқылы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) қағаз түрінде жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда коммуналдық мемлекеттік мекеменің бірінші сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 20 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі;

коммуналдық мемлекеттік мекеме бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.

бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды

кабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес портал арқылы немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

3) білім беру процесін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілін (тілдерін), білім алушылардың сабақ режимін) ұйымдастырады. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі:

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің тәрбие бағдарламасы білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады;

оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады;

білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери даярлығы - жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін оқу бағдарламалары жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық аттестаттау жүргізеді;

коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және оларға аралық аттестаттау жүргізу нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады;

негізгі орта білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік оқу бітіру емтихандары нысанында жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеме кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту тілі қазақ тілінде жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай – ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып – үйренуін қамтамасыз етуге тиіс;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыныптардың толықтырылуы мынадай талаптарды қамтиды:

мектепалды дайындық топтары бесжасан 25 баладан артық емес;

сыныптар 6 (7) жасан 18 жасқа дейін (1 – 9 (10)-сыныптар) 25 баладан артық емес;

сабақтың ұзақтығы 40 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 40 минуттан жоспарланады. Сабақтарда денешынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу сабағы бірінші ауысымда сағат 08.00 ден, екінші ауысымда сағат 14.00 ден, қысқы мезгілде 13.40 ерте емес уақытта басталады;

бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалысқа қарастырылады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің апталық оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларда көрсетілген нормалардан аспауы тиіс;

кестедегі сабақтар саны ата-аналар комитетімен келісіледі;

бастауыш сыныптарда қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзілістің (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі. Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді;

мектепалды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс;

тиісті мемлекеттік органдар шектеуіс-шараларын жүзеге асырған, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда барлық оқу пәндері бойынша сыныпты топтарға бөлу бір сыныпта 15 білім алушыға дейінгі толымдылықпен жүргізіледі;

білім алушыларды оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді;

4) білімдерді ағымдағы бақылауды, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізеді;

білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білімалушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалауны сандарында жүзеге асырылады;

білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді;

үйде оқитын білімалушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білімалушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді;

ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістеренгізеді;

карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тоқсанға бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі; формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды;

карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда БЖБ мен ТЖБ қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады;

бөлім (ортақтақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі;

ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары коммуналдық мемлекеттік мекемеде сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады;

1-сыныпта жылдық баға қойылмайды;

2-9(10)сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады;

тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді; негізгі орта білім беруді жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мына дайын сандарда өткізіледі:

9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

1-8 (9) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды;

карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасын егізінде жүргізіледі;

ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға қорытынды аттестаттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері ағымдағы жылғы тамыз айында оқу жылының жұмыс қорытындылары бойынша мектеп жанынан құрылған Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен педагогикалық кеңесте талқыланады. Педагогикалық кеңес оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдайды;

5) білім алушыларды оқудан шығаруды 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жүргізеді;

он алты жасқа дейінгі балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін коммуналдық

мемлекеттік мекемеге уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

б) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 3-тармағына сәйкес ақылы қызмет көрсетеді. Ақылы қызмет тізбесі мен көрсету тәртібі:

коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызынушылықтарды дамыту, маманлардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

Оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

білім алушылар, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылардың, коммуналдық мемлекеттік мекемеде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге құқылы;

коммуналдық мемлекеттік мекеме денешынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыс жайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады;

7) білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынас жасайды.

Білім алушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі:

Білім алушыларға оқушылар жатады.

Білім алушылар құқылы:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;

қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына ауысуға;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қол жетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін өтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

Білім алушылар міндетті:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

Өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тәнсаулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға. Мектеп формасына түрлі динконфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды;

педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға коммуналдық мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібінің ережесімен және осы жарғымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

Білім алушылардың денсаулығын сақтау шаралары:

коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылардың наукастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тәнсаулығын жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру қамтамасыз етіледі;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік директорға жүктеледі.

ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары;

ата-аналар комитеттері арқылы коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысу;

коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпараталу;

өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алу;

балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алу.

ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің міндеттері:

балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз ету;

балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектепалды даярлығын қамтамасыз ету;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қағидаларды орындау;

балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз ету;

коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде белгіленген киім формасын сақтау;

8) педагогтердің, сынып жетекшілердің жұмысын ұйымдастырады. Педагог мәртебесі, педагогтің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері және шектеулері, міндеттері мен жауапкершіліктері 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

9) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

коммуналдық мемлекеттік мекеменің персоналын жинақтауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №97 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі талаптарына сәйкес жүргізеді.

Педагогтің кәсіптік қызметіне:

соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде жұмыс істеуге сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

10) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогтеріне «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес оқу жүктемесі және қосымша ақы белгіленеді.

Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

коммуналдық мемлекеттік мекемені басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуға;

бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін «Болашақ» қалықаралық сипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

өзіне қатысты қабылданатын коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Педагогтің міндеттері. Педагог:

өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидағтарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

педагогтік әдепті сақтауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

білім алушылардың және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

коммуналдық мемлекеттік мекеме басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

құқық қорғау органдарына және коммуналдық мемлекеттік мекеме басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмілетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде коммуналдық мемлекеттік мекемеден тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес.

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде коммуналдық мемлекеттік мекеме айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады;

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады;

педагогті тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен қабылданады;

педагогтік әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы шешімдерін барлық тәсілдермен қорғауға;

шешімді жазбаша түрде алуға;

қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар;

педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің сынып жетекшісі қызметінің мақсаты мен міндеттері:

сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – білім алушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, білім алушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері:

сынып активін қалыптастыру;

әр білім алушының тұлғасын дамыту, өзін-өзі таныту, оның әлеуеттік қабілеттерін ашу және қайталанбастығын сақтау үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

сыныпта білім алушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру;

тұлғаның шығармашылық, рухани, табиғи мүмкіндіктерін дамыту;

салауатты өмір салтына ынталандыру;

оқушыларда адамгершілік-өнегелік және рухани қасиеттерді қалыптастыру, толеранттылыққа баулу;

азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін қорғау; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

оқушылардың бойында ұжымдық пен басқаларға жауапкершілік, және өзара достық тұрғысынан топта жұмыс істеуде қабілеттілігін қалыптастыру;

балаларға арналған қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

Сынып жетекшісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережеге сәйкес ұйымдастыру-үйлестіру, коммуникативті, талдамалы, бақылау функцияларын жүзеге асырады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының шешімімен, немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Қарақия ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. Маңғыстау облысының әкімдігі заңнамаға белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарау туралы шешім қабылдайды).

Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Қарақия ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамаға белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды. Маңғыстау облысы Білім басқармасының «Қаракия ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына тікелей бағынады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық кандидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымламаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және еркіндік береді;
- 8) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе коммуналдық мемлекеттік мекеменің уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қалданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен (ерекшемен) және тиісті саланың уәкілетті органы жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде мынадай алқалы басқару органдары құрылады:

Қамқоршылық кеңес.

Қамқоршылық кеңес коммуналдық мемлекеттік мекеменің әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі:

коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушылары құқықтарының сақталуына, сонымен қатар коммуналдық мемлекеттік мекеме шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

коммуналдық мемлекеттік мекемені дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шешімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

қайырымдылық көмек түрінде коммуналдық мемлекеттік мекемеге түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайды;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

уәкілетті органға немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалыуы

және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметімен, білім алушыларға жасалған жағдайлармен танысады, коммуналдық мемлекеттік мекеме психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Қамқоршылық кеңесті сайлау, құрамын бекіту, жұмысын ұйымдастыру, тоқтату Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Педагогикалық кеңес.

Педагогикалық кеңес мынадай мәселелерді қарастырады:

оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;

коммуналдық мемлекеттік мекемеде педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің үш тілде оқытуға ауысуы;

экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;

зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;

сабақ кестесін құрастыру;

білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;

білім алушының эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау.

Педагогикалық кеңесті сайлау, құрамын бекіту, қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес.

коммуналдық мемлекеттік мекемеде әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестің жұмысы мынадай бағыттарды қамтиды:

ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың, өзіндік білімнің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру;

білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;

сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру;

үздік, жанашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, менеджменттің қызметтерімен және прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу;

білімалушылардың ғылыми әлеуетін анықтау үшін (Республикалық, қалықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;

оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;

педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау рәсіміне белсенді түрде қатысу;

әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекемедер бесіеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда коммуналдық мемлекеттік мекеме өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органның не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

6-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және

филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

8-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

33. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Маңғыстау облысы әкімдігі жүзеге асырады.

35. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

36. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы Маңғыстау облысының бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

37. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері
